

"Елеулі маңызды тауарлар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 180 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2025 жылғы 10 қарашадағы № 319-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 17 қарашада № 37423 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Елеулі маңызды тауарлар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 180 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10953 болып тіркелген) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Елеулі маңызды тауарлардың тізбесі:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 153, 154, 155, 156, 157, 158, 159, 160, 161, 162 , 163, 164, 165, 166, 167, 168, 169 және 170 -жолдармен толықтырылсын:

"

153.	4412 33 000 0	Кем дегенде бір сыртқы қабаты жапырақты тұқымдас ағаштардың мынадай түрлерінен жасалған өзге, әр қабаттың қалыңдығы 6 мм-ден аспайтын, тек ағаш жапырақтарынан тұратын (бамбуктан басқа) өзге желімделген фанера: қандыағаш (<i>Alnus</i> spp.), шаған (<i>Fraxinus</i> spp.), шамшат (<i>Fagus</i> spp.), қайың (<i>Betula</i> spp.), шие (<i>Prunus</i> spp.), талшын (<i>Castanea</i> spp.), шегіртпін (<i>Ulmus</i> spp.), эвкалипт (<i>Eucalyptus</i> spp.), гикори (<i>Carya</i> spp.), атталшын (<i>Aesculus</i> spp.), жөке (<i>Tilia</i> spp.), үйеңкі (<i>Acer</i> spp.), емен (<i>Quercus</i> spp.), шынар (<i>Platanus</i> spp.), терек пен көктерек (<i>Populus</i> spp.), инеш (<i>Robinia</i> spp.), лириодендрон (<i>Liriodendron</i> spp.) немесе жаңғақ (<i>Juglans</i> spp.)
154.	4412 39 0000	Сыртқы екі қабаты қылқан жапырақты ағаштан жасалған, әр қабаттың қалыңдығы 6 мм-ден аспайтын, тек ағаш жапырақтарынан тұратын (бамбуктан басқа) өзге желімделген фанера
		Құймалардағы немесе басқа бастапқы нысандардағы темір

155.	7206	және легирленбеген болат (7203 тауар позициясындағы темірден басқа)
156.	7218	Құймалардағы немесе басқа бастапқы нысандардағы коррозияға төзімді болат; коррозияға төзімді болаттан жасалған жартылай фабрикаттар
157.	7224	Құймалардағы немесе басқа бастапқы нысандағы қосындыланған болаттардың басқа түрлері; қосындыланған болаттардың басқа түрлерінен жасалған жартылай фабрикаттар
158.	7402 00 000 0	Тазартылмаған мыс; электролиттік тазартуға арналған мыс анодтары
159.	7403 13 000 0	Тазартылған мыс; илемдеуге арналған дайындамалар
160.	7403 29 000 0	Өзге де мыс қорытпалары (7405 тауар позициясының лигатураларынан басқа)
161.	7413 00 000	Электрлік оқшаулаусыз мыстан жасалған иірілген сым, тростар, өрме баулар және ұксас бұйымдар :
162.	7601 20 200 9	Алюминий қорытпалары: слябтар және өзге биллеттер
163.	7801 91 000 0	Құрамында басқа элементтердің арасында салмағы бойынша артық болатын элемент ретінде сүрме бар өзге өңделмеген қорғасын
164.	7801 99 100 0	Тазартуға арналған, құрамында 0,02 салм.% немесе одан астам күміс бар (қара қорғасын немесе веркблей) өзге өңделмеген қорғасын
165.	7801 99 900 0	Өңделмеген қорғасын: өзге: өзге: өзге
166.	8482 10	Шарикті мойынтіректер
167.	8482 20 000	Жиынтықтағы сепараторы мен роликтері бар ішкі конустық шығыршықтарды қоса алғанда, роликті конустық мойынтіректер
168.	8482 30 000	Роликті сфералық мойынтіректер
169.	8482 50 000	Жиынтықтағы сепараторлар мен роликтерді қоса алғанда, цилиндрлік роликтері бар өзге мойынтіректер

170.	8482 80 000	Аралас шарикті-роликті мойынтіректерді, өзгелерді қоса алғанда, мойынтіректер
------	-------------	---

".

2. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сыртқы сауда қызметі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция министрі*

А. Шаккалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі